

26.89113 кв-ттбс  
627



БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ  
Ақжайық ауданы

VII

Ақжайыкский район  
ЗАПАДНО-КАЗАХСАНСКАЯ ОБЛАСТЬ

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ  
МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫ

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХ  
ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ ОРТАЛЫҒЫ

УПРАВЛЕНИЕ КУЛЬТУРЫ  
ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ОБЛАСТНОЙ  
ЦЕНТР ИСТОРИИ И АРХЕОЛОГИИ

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ  
ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЖӘНЕ ТАБИҒАТ МҰРАЛАРЫ  
ЕСКЕРТКІШТЕРІ

**АҚЖАЙЫҚ АУДАНЫ**



ПАМЯТНИКИ ПРИРОДНОГО  
И ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ  
ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

**АҚЖАЙКСКИЙ РАЙОН**

Орал - Уральск, 2008

ББК 63.3 (5 Қаз-Ақжайық)  
Б 27

Авторлық ұжым / Авторский коллектив:

М.Н.Сдыков  
А.А.Бисембаев  
С.Ю.Гуцалов  
А.А.Джубанов  
С.К.Рамазанов  
Т.Т. Жусупкалиев- ответственный за выпуск  
Р.С.Мергалиев  
Д.В.Марыксин  
Г.З. Амангалиев

Жалпы редакциясын басқарған/ Под общей редакцией  
тарих ғылыминың докторы, профессор  
М.Н.Сдыков.

Б 27 Батыс Қазақстан облысының тарихи-мәдени және  
табиғат мұралары ескерткіштері = Памятники природного и  
историко-культурного наследия Западно-Казахстанской  
области. – В 14 т. - Орал, 2008. – Қазақша, орысша.

Т.7: Ақжайық ауданы = Акжаикский район. – 324 6.

ББК 63.3 (5 Қаз-Ақжайық)

П 0503020905  
00(06)-08

# ЕСКЕРТКІШТЕР ЖИҮНТЫҒЫ

## СВОД ПАМЯТНИКОВ

14 томдығының басылым / Научное издание в 14 томах



Шынғырлау ауданы	I	Чингирлауский район
Сырым ауданы	II	Сырымский район
Қаратөбе ауданы	III	Каратобинский район
Бәрлі ауданы	IV	Бурлинский район
Тасқала ауданы	V	Таскалинский район
Теректі ауданы	VI	Теректинский район
<b>АҚЖАЙЫҚ АУДАНЫ</b>	<b>VII</b>	<b>АҚЖАЙСКИЙ РАЙОН</b>
Жаңақала ауданы	VIII	Джангалинский район
Казталовка ауданы	IX	Казталовский район
Жәнібек ауданы	X	Джаныбекский район
Бәкейорда ауданы	XI	Букейординский район
Зеленов ауданы	XII	Зеленовский район
Орал қаласы	XIII	г. Уральск
Батыс-Қазақстан облысы	XIV	Западно-Казахстанская обл.

## **МАЗМҰНЫ**

**Кіріспе ..... 6**

**I бөлім. Табиғат мұрасы ..... 14**

1.1. Табиғаты ..... 16

1.2. Ландшафты әртүрлілігі ..... 59

1.3. Табиғат мұрасының ескерткіштері ..... 71

1.4. Рекреациялық табиғат ресурстары ..... 82

**II бөлім. Тарихи-мәдени мұрасы ..... 89**

2.1. Археология ескерткіштеріне сипаттама ..... 91

2.2. Археологиялық ескерткіштер ..... 113

2.3. Қазіргі кезеңдегі тарих және  
мәдениет ескерткіштері. ..... 157

### **Қосымшалар**

- Табиғат мұралары ескерткіштері

- Археологиялық ескерткіштер мен жәдігерлер

- Тарихи – сәулет ескерткіштері және монументті  
нысандар

## **СОДЕРЖАНИЕ**

**Введение ..... 9**

**Глава I. Природное наследие ..... 161**

1.1. Природная среда ..... 163

1.2. Ландшафтное разнообразие ..... 202

1.3. Памятники природного наследия ..... 216

1.4. Рекреационные природные ресурсы ..... 225

**Глава II. Историко-культурное наследие ..... 231**

2.1. Характеристика памятников археологии ..... 233

2.2. Археологические памятники ..... 254

2.3. Современные памятники истории и культуры ..... 296

Сведения об авторах ..... 302

## **Приложения**

- Памятники природного наследия

- Археологические памятники и находки

- Историко-архитектурные и монументальные памятники

## Kіrіспе

Өткеннің мұраларын зерттеп, сақтау Қазақстан Республикасының рухани және ғылыми өмірінің басым бағыттарының біріне айналды. Елбасы Н.Назарбаев бұл мәселені Қазақстан қоғамының толыққанды әлеуметтік – экономикалық және мәдени дамуының неғұрлым маңызды және өзекжарды проблемаларының қатарына жатқызыды. Президент бұл мәселенің тек ғылыми жағын ғана айтып қоймай, сонымен қатар мәдени мұралардың азаматтық пен отансүйгіштікке тәрбиелеудегі айрықша маңызын атап көрсетті.

“Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру барысындағы жұмыс мәселенің бұлай қойылуының дер кезінде қолға алынған, өмірлік қажеттілік екендігін көрсетті. Істің жағдайын талдау жұмыс ауқымының аса үлкен, көптеген жақтары іс жүзінде жаңа ғана зерттеле бастағандығын көрсетті. Сол себепті мәдени мұраларды анықтап, зерттеп, сақтау Батыс Қазақстан облыстық тарих және археология орталығы қызметінің басты бағыттарының біріне айналды.

Алай да үш жыл бойғы қарқынды жұмыс мәдени мұраның зерттелу жағдайын, мәлім болған материалдық және рухани мәдениет ескерткіштерінің бастапқы жағдайын талдауды қатаң талап ететіндігін көрсетті. Демек, облыс бойынша барлық ескерткіштердің нақты жиынтығын тауып, анықтауды қажетсінді. Көшпелі мәдениеттің шаруашылық – экономикалық дамуының ерекшеліктері бізді мәдени даму деңгейінің табиғи түрпеннан ажырағысыз дүние екендігін түсінуге жетеледі. Сол себепті тарих пен мәдениет ескерткіштерін зерттеумен бір мезгілде біз табиғи мұраларды оның барлық жақтарымен қоса нақтылау жұмысын бастадық.

2002 жылдан бастап орталық облыстың тарихи және мәдени мұраларын анықтап, зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Бұл жұмыс әрбір аудан мен облыс орталығы Орал қаласына дербес том болып арналған “Батыс Қазақстан

облысының табиғи және тарихи – мәдени мұраларының ескерткіштері” атты осы ұжымдық жинақта іс жүзіндегі шынайы көрінісін табады. Басылым біткеннен кейін облыс бойынша тұтас талдау жұмысы шығарылады. Мұндай қадам авторлардың ойынша материалдық және рухани мәдениет пен тамаша табиғи нысандарды негұрлым толық қамтитындығына кепілдік береді. Әрбір том белгілі бір ауданының халық ігілігіне айналған құндылыққа ие болатын негұрлым ірі тарих пен мәдениет ескерткіштерін қамтиды.

Басылымды өзірлеуге Батыс Қазақстан облыстық тарих және археология орталығының ғылыми қызметкерлері, жергілікті ғалымдар, сонымен қатар Алматы мен Ақтөбенің мамандары қатысты. Біз Ә.Марғұлан атындағы археология институтымен және Ш.Ұәлиханов атындағы (Алматы) тарих және этнология институтымен, сондай – ақ Ресей ғылым Академиясының Орал бөлімшесінің далалық Институтымен(Орынбор) белсенді қарым – қатынастамыз.

Аталған том облыстағы іргелі аудандардың бірі Ақжайық ауданына арналған. Ауданың әбден зерттеліп болмаған бай тарихы бар. Ақжайық жұртшылығы қоғамымыздың мәдени дамуына зор үлесін қосып келеді. Сонымен қатар осы басылымда көрінісін тапқанындей, ауданының өзіндік табиғи сипаттамасы бар.

1997 жылғы 1 қаңтарда облыс әкімшілік – аумақтық бөлінісі жағынан оңтайландырылып, нәтижесінде бірқатар аудандардың шекаралары мен атаулары өзгерді. Тайпақ ауданының аумағы Чапаев ауданының құрамына еніп, ауданының өзі Ақжайық атауын алды.

Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданы (бұрынғы Чапаев) Кеңес Үкіметі жағдайында қоғамымызда қалыптасқан әлеуметтік – экономикалық, саяси және мәдени өзгерістердің нәтижесінде 1928 жылы дербес әкімшілік – аумақтық құрылым ретінде қалыптасты.

Ауданды қазіргі заманга сай жасақтаудың бастауы Ресей отаршыл әкімшілігінің XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ жерлерін отарлық бөлшектеу мен шектеу кезеңіне жатқызылады. Қазақстанды әкімшілік – аумақтық жағынан орналастыру реформаларының мақсаты Ресей

империясының әдettегі даланы басқаруға қолайлы әдістерін енгізу ді көздеуден туындасты. Сол себепті 1867 – 1868 жылдары Қазақстан аумағында 6 облыс құрылды. Соның ішінде 4 уезге бөлініп, Орал облысында орталығы - Орал қаласы болып табылатын Орал, Гурев қаласында – Гурьев, Калмыков ауылында – Калмыков, Ембі ауылында – Ембі 4 уездері құрылды.

Уездер өз кезегінде болыстықтарға бөлініп, олардың әрқайысы жалпы саны 200 - деген түтін құрайтын ондаған ауылдардың басын біріктірді.

Қазіргі Ақжайық ауданының жерлері Калмыков уезнің бірқатар болыстықтарының құрамына енді. 1881 жылы Батыс Қазақстанда Орынбор генерал – губернаторлығы жабылды. Осы кезде облыстардың шекаралары нақтыланып, уездер қайта өзгерітілді. Орал облысында Ембі мен Калмыков уездері қайтадан құрылып, олардың негізінде жаңадан Темір және Ілбішін уездері құрылады.

1904 жылы Орал облысындағы таратылған Калмыков және Орал уездерінің бір бөлігінің негізінде Ілбішін уезі құрылып, орталығы Ілбішін кенті болады. 1909 жылы Ілбішін Орал облысының аумағындағы дербес уезге айналады. Оның құрамына Шаған, Скворкино, Бударин, Сламихин, Глинев станицашары кіреді. Ауданды мұнан әрі қарай негіздеу үрдістері Кеңес үкіметі жағдайында жүзеге асырылды. Төңкеріс комитеті өзінің басқару құрылымын бекітті. 1919 жылы қыркүйекте 6 болыстық, бір қалалық, 12 кенттік Кеңестер тіркелді. Олар: Шаған, Сворткино, Бударин, Кожахаров, Сахарнов болыстары, Лбішін қалалық, Балаган, Кіші Шаған, Богатск, Колвертной, Прорвин, Баранов, Горячин, Коршин кенттік Кеңестері болды.

1928 жылғы 3 қыркүйекте РКСФР БОАК Төралқасы Қазақ АКСР жаңа аудандастырылуын бекітті. 1 автономиялық облыс 6 губерния, 2 округ, 31 уез және 411 болыстықтың орнына Қазақстанда 13 округ пен 180 аудан құрылды. Нәтижесінде бүрынғы: Ілбішін, Калмыков, Қарасамардың бір бөлігі, Кулагин, Тополинск болыстықтарын біріктіру жолымен Ілбішін ауданы құрытып, аудан орталығы Ілбішін кенті болды.

1932 жылы Батыс Қазақстан облысы құрылып, оның

құрамынна енген 14 ауданың ішінде Орталығы Ілбішін кентіндегі Ілбішін ауданы да болды.

1932 жылы Қаз. КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен Ілбішін ауданы Чапаев ауданы болып, ал Ілбішін кенті Чапаев кенті болып аталағанды.

Соғыстан кейінгі кезеңде 1962 жылғы желтоқсан айында Қаз. КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен таратылған Тайпақ ауданы Чапаев ауданының құрамына беріледі де бірақ 1964 жылы Тайпақ ауданы қайта құрылады.

1971 жылы аудан орталығы Чапаев ауылды қала мәртебесіне ие болып, бірақ 1990 жылы бүрынғы мәртебесін қайта алады. 1992 жылы. ауданды қайта өзгерту үрдісі жалғастырылып, оның құрамына оң жағалаулық аумақтар Өлеңті, Чапаев, Есенсай, Шолохов, Ақжайық, Аңқаты, Сарыемір кенттерімен қоса беріліп, олардың негізінде Ақжайық ауданы құрылады, Алай да 1997 жылы аудандарды нығайту мақсатында Ақжайық ауданы таратылып, оның жерлері Теректі ауданына беріледі. Ал Чапаев ауданының құрамына таратылған Тайпақ ауданының аумағы қосылып, ауданының өзі Ақжайық болып қайта аталаады да, орталығы Чапаев ауылды болып қалады.

Қазіргі Ақжайық ауданы Батыс Қазақстан облысының онтүстік бөлігінде Батыс Қазақстан облысының Жаңақала, Казталовка, Теректі, Тасқала, Қаратөбе аудандарымен, сондай - ақ Атырау облысының Индер ауданымен шектеседі.

\*\*\*

Изучение и сохранение культурного наследия стало одним из приоритетных направлений в развитии духовной и научной жизни в Республике Казахстан. Президент государства Н.А.Назарбаев поставил эту проблему в разряд наиболее важных и актуальных для полнокровного социально-экономического и культурного развития казахстанского общества. При этом президент подчеркнул не только научную значимость, но и особую роль

культурного наследия в воспитании гражданственности и патриотизма.

Работа по реализации Государственной программы "Культурное наследие" показала своевременность и жизненную необходимость такой постановки вопроса. Анализ состояния дел показал наличие огромного объема работы, многие разделы которой практически только начинают исследоваться. Поэтому выявление, изучение и сохранение культурного наследия стало одним из основных направлений деятельности Западно-Казахстанского областного центра истории и археологии.

Однако напряженная работа на протяжении трех лет показала, что состояние изученности культурного наследия настоятельно требует первоначального обобщения имеющихся памятников материальной и духовной культуры. То есть, выявления и определения точного свода всех памятников по области. Специфика хозяйственно-экономического развития кочевого общества привела нас к пониманию неразрывности уровня культурного развития от природного фона. Поэтому, одновременно с изучением памятников истории и культуры, мы начали работу по уточнению природного наследия во всех его проявлениях.

С 2002 года центром проводится работа по выявлению и изучению природного и культурного наследия области. Эта работа получает свое реальное воплощение в данном коллективном издании "Памятники природного и историко-культурного наследия Западно-Казахстанской области", в котором каждому району и областному центру Уральску будет отведен отдельный том. В завершении издания будет выпущена обобщающая работа в целом по области. Такой подход по замыслу авторов гарантирует наиболее полный охват памятников материальной и духовной культуры и уникальных природных объектов. Каждый том охватывает наиболее крупные памятники истории и культуры и природные объекты определенного района, представляющие ценность и являющиеся достоянием народа.

В подготовке издания принимают участие научные

сотрудники Западно-Казахстанского областного центра истории и археологии, местные ученые, а также специалисты из Алматы и Актюбинска. Мы активно сотрудничаем с Институтом археологии им. Маргулана и Институтом истории и этнологии им. Ш.Валиханова (Алматы), а также с Институтом степи Уральского Отделения РАН (Оренбург).

Данный том посвящен Акжайкскому району, который сейчас является одним из крупных районов области. Район имеет свою богатую историю, до конца неисследованную. Жители Акжайка внесли свой огромный вклад в развитие культурной жизни нашего общества. Вместе с тем, район имеет своеобразную природную характеристику, которая отражена в данном издании.

1 июля 1997 года произошла оптимизация административно-территориального деления области, в результате которой изменились границы и наименования ряда районов. В состав Чапаевского района вошла территория Тайпакского района, а сам район получил наименование Акжайкский.

Акжайкский район (бывший Чапаевский) Западно-Казахстанской области был образован как самостоятельная административно-территориальная единица в 1928 году, в результате социально-экономических, политических и культурных преобразований, произошедших в условиях Советской власти.

Начало современного оформления района относится к периоду колониального размежевания и разграничения казахских земель колониальной администрации России во второй половине XIX в. Реформы по административно-территориальному обустройству Казахстана преследовали цель введения методов общепринятых для Российской империи и удобных для управления степью. Поэтому в 1867-1868 гг. на территории Казахстана было образовано 6 областей, в том числе и Уральская, которая была разделена на 4 уезда: Уральский уезд с центром в г. Уральске, Гурьевский- в г. Гурьеве, Калмыковский – в селе Калмыково, Эмбенский - в с. Эмба.

Уезды в свою очередь, делились на волости, каждая из которых объединяла десятки аулов, общей численностью около 200 кибиток.

Земли современного Акжайского района вошли в состав ряда волостей Калмыковского уезда. В 1881 году в Западном Казахстане было упразднено Оренбургское генерал-губернаторство. В это же время были уточнены границы областей, реорганизованы уезды. В Уральской области будут преобразованы Эмбенский и Калмыковский уезды и на их основе созданы новые – Темирский и Лбищенский.

В 1904 году был создан Лбищенский уезд на основе упраздненного Калмыковского и части Уральского уездов Уральской области, центром становится п. Лбищенск. В 1909 году Лбищенский уезд был самостоятельным на территории Уральской области. В его состав входили Чаганская, Скворкинская, Бударинская, Сламихинская, Глиневская станицы.

Процесс дальнейшего оформления района происходил в условиях Советской власти. Ревком утвердил новую управлеческую структуру. В сентябре 1919 г. были зарегистрированы 6 волостных, 1 городской, 12 поселковых Советов. Это были: Чаганская, Скворкинская, Бударинская, Кожехаровская, Сахарновская волости, Лбищенский городской, Балаганский, Малочаганский, Богатский, Коловертновский, Прорвинский, Барановский, Горячинский, Коршинский поселковые Советы.

3 сентября 1928 года Президиум ВЦИК РСФСР утвердил новое районирование республики. Вместо 1 автономной области, 6 губерний, 2 округов, 31 уезда и 411 волостей в Казахстане было создано 13 округов и 180 районов. В результате в составе Уральского округа был образован Лбищенский район, путем объединения бывших: Лбищенской, Калмыковской, части Карасамарской, Кулагинской, Тополинской волостей. Центром района стал п. Лбищенск.

В 1932 году была образована Западно-Казахстанская область, в ее состав вошли 14 районов, среди которых был и Лбищенский район, с центром в п. Лбищенск.

В 1932 году Указом Президиума Верховного Совета Казахской ССР, Лбищенский район переименовывается в Чапаевский, а поселок Лбищенск в Чапаев.

В послевоенный период в декабре 1962 года Указом Президиума Верховного Совета Казахской ССР в состав Чапаевского района, будет передан ликвидированный Тайпакский район, но в 1964 году Тайпакский район будет образован вновь.


В 1971 году районный центр с. Чапаево получит статус города, но в 1990 году вновь преобретает прежний статус. Процесс реформирования района продолжится в 1992 году, когда из ее состава была выведена левобережная территория с поселками: Улента, Чапаевский, Есенсайский, Шолохова, Акжаик, Анката, Сары-Умир и образован на их основе Акжаикский район. Однако в 1997 году в целях укрепления районов Акжаикский район ликвидируется, а его земли будут переданы Теректинскому району. А в состав Чапаевского района будет присоединена территория ликвидированного Тайпакского района, а сам район переименован в Акжаикский, центром остается с. Чапаево.

Современный Акжаикский район занимает южную часть Западно-Казахстанской области, он граничит с Жангалинским, Казталовским, Теректинским, Таскалинским, Каратобинским районами Западно-Казахстанской области, а также с Индерским районом Атырауской области.

# **ТАБИГАТ МҰРАСЫ**



## АҚЖАЙЫҚ АУДАНЫНЫҢ КАРТАСЫ



## БІРІНШІ БӨЛІМ ТАБИҒАТ МҰРАСЫ

### 1.1. Табиғаты

Ақжайық ауданының территориясы 25,9 мың шаршы километрді алғып жатады. Ол облыстың оңтүстігіндегі орталық бөлігінде орналасқан, солтүстігінде (Орал өзенінің оң жақ жағалауы) Батыс Қазақстан облысының Зеленов, Тасқала және (Орал өзенінің сол жақ жағалауы) Теректі, ал шығысында Сырым, Қаратөбе, батысында Жанақала, Казталовка аудандарымен шектеседі. Оңтүстігінде Қазақстан Республикасының Атырау облысымен шектеседі. Аудан орталығы – Чапаев ауылы.

**Тектоникасы және геологиялық құрылымы.** Ақжайық ауданының алғып жатқан территориясы Батыс Қазақстан облысы шегінде терең Каспий маңы тектоникалық ойысындағы Каспий маңы ойпатының солтүстік және оңтүстік бөлігінің жақында теңіз суынан арылуына байланысты жастығымен ерекшеленеді.

Ақжайық ауданының беті геологиялық жағынан жас болғанмен, оның ең ежелгі беті (40 мың жыл), шамамен Тайпақ ауылы ендігінен (теңіз деңгейіне 0м биіктік) солтүстікке қарай орналасқан.

Жоғарғы плейстоценде Еуразияның солтүстік бөлігінің қалың мұз басуына байланысты (валдай мұзбасуы, 115 мың жыл бұрын басталып, бұдан 10 мың жыл бұрын), қазіргі 45 (50) м биіктік белгісіне дейін ойысты Төменгі хвалын (Ежелгі хвалын) бассейні сулары алғып жатты (50-40 мың жыл бұрын), осы су бассейндері қоршаған кеңістіктен әкелген саз және құм шөгінділерін құрады.

Төменгі хвалын теңізінің максималды жайлымдар фазасынан кейін бұл бассейн сатыланып тартыла бастады.

Плейстоценнің соңында Төменгі хвалын суларының қайту шегіне жеткеннен кейін, сол мұз басу кезеңіне байланысты

салқындауы әсерінен аудан территориясының қазіргі 0м абсолюттік биіктік горизонтальды сзығына дейін Жоғарғы хвалын (Соңғы хвалын) төңізінің (18-16 мың жыл бұрын) сулары басты. Голоценнің басында (12-10 мың жыл бұрын) бұл төңіз сулары кейін қайтты.

Төменгі ойпаң жерлерде Төменгі хвалын және Жоғарғы хвалын шөгінділері, қазіргі уақытта көлді, сорлы және жайлымды шөгінділермен бөлініп кетеді.

Каспий маңы тектоникалық ойысы өзінің даму тарихында бірнеше төңіз режімін бастан кешті. Бір геологиялық кезеңнің төңізі, ізінше басқа кезең төңізіне ауысып келіп отырды. Бұл біздің өлкенің, соның ішінде Ақжайық ауданы аумағының геологиялық жағынан беткі беті жас екендігін көрсетеді.

Каспий маңы тектоникалық ойысының орталық, бөлігінің төмен түсү бастамасы “қалыптаспаған мұхит” - осының алдындағы палеорифт дамуының тоқтауымен байланысты болуы мүмкін. Оның ось бөлігі геофизикалық деректер бойынша шамамен Қаратөбе – Тайпақ – Жалпақтал бағыттары арқылы және Ресейдің Александр-Гай елді мекенінен әрі қарай өтеді. Бұл платформалық жарық іргетасына белгі қалдырған дивергентті шекарасының дамуы континентті рифт сатысында аяқталады және нағыз кең көлемдегі мұхит одан пайда болған жоқ.

“Қалыптаспаған мұхиттың” тығыз және ауыр жоғарғы полеозой литосферасы қоршаган телімдерінің сатылап, біртіндеп блоктың батуын тудырды. Нәтижесінде Каспий маңы тектоникалық ойысы кең көлемді және әрдайым төмен түсетін терең шөгінді алабына айналды. Оны ойпаттың шетінен ортасына қарай, жас шамасы бірдей жыныстардың қалындығының артуы байқалатын шөгінді материалдарының жиналу сипаты дәлелдейді. Ауданың оңтүстігінде облыстағы ең қалың (сонымен қатар, Каспий маңы тектоникалық ойысында да), шөгінді жыныстар орналасқан, оның қалындығы 24 км-ге дейін барады.

Сонау алыс кезеңдерде Каспий акваториясы басқа мүлде бөлек мұхит типтегі суларда және жер шарының бөлек жерлерінде болған. Біз оның дамуының соңғы кезеңдеріне ғана тоқталамыз.

Жоғары плиоцендегі Апшерон трансгрессиясы, өткен Ақшағыл трансгрессиясына қарағанда көлемі жағынан сәл аздаған аймақты қамти отырып, ол плиоцен кезеңін аяқтайды және Каспий теңізі – көлінің бірнеше аздаған су басуымен кейін қайтуына байланысты облыс территориясында плейстоцен геологиялық кезеңі басталады. Жалпы Сырттың оңтүстігінде жатқан территорияларды плейстоценде Баку, Хазар және Хвалын бассейндерінің сулары басады.

Палеозойдың пермь дәуірінде (кунгур ярусы 275-270 млн. жыл.бұрын) ойпаттың терең сұлы бассейні салыстырмалы қысқа мерзімде қуатты түзды тасқа толды. Шөгінділердің 1 км-ге дейін жиналуынан түзды күмбезді көтерілудер пайда болды (жоғарғы қабаттың қатты қысымынан, түз жоғарға қарай жылжиды). Пермь кезеңінің аяғында шөгінділердің қалыңдылығы 4-5 км-ге жеткен. Содан кейін, (шөгінділердің жиналуына қарай) триас және юра-палеоген кезеңінің түз күмбезді құрлымдары пайда болды. Аудан территориясында түзды күмбезді құрлымдар көптеп кездеседі. Круглов түзды күмбезі жер бедерінде әлсіз айқындағанымен, ал алып жатқан ауданына байланысты жер бетіндегі ең ірілердің бірі болып табылады. Индер түзды күмбезді көтерлімінің Ақжайық ауданының аумағында солтүстік бөлігінің аздаған көлемі кіреді, бірақ жер бетінде ежелгі түздар айқын жақсы байқалады.

Аудандағы геологиялық жағынан ең көне беткі беті болып Бекей синеклизасының (иінінің), яғни Каспий маңы ойпатының солтүстік бөлігі 50 мың жыл бұрын сумен толып, ал бұдан 40 мың жыл бұрын Тәменгі хвалын бассейні суларынан босаған. Осы кезде, 1758 ж. Еуропада тарихи аренада саналы адам – *Homo sapiens L* пайда болды, (Африкада ежелгі олжа - 130 000 жыл бұрын, ал жақында Эфиопияда 1967 жылы табылған адамның ең ежелі сүйегі (түп тармағы: саналы ежелгі адам) *Homo sapiens idaltu*) жасы – 195 мың жыл, олар, бұрынғы есептеуге қарағанда 65 мың жылға үлкен; Батыс Азияда – (90 000 жыл бұрын), шамамен 28 мың жыл бұрын неандертальдықтарды (жерде жарты миллион жыл бойы түргандарды) біржолата ығыстырган болатын. Саналы адамның мұнда пайда болуы - соңғы палеолит бастамасының белгісі болды. Оның шегінде алғашқы 12 мың жыл шегінде ол,

неандертальдар мәдениетімен – яғни, орташа палеолитикалық, немесе мұстъєр деп аталатын мәдениетті алға тартушыларымен қатар өмір сүрді.

Геологиялық дамудың күрделі тарихы нәтижесінде, кейбір бөліктер бетінің көтерілуі және түсі процестерінің ұзақтығы (үлкен терендіктерде тұздардың қайта ауысы салдарынан), ол аудан территориясында тәменгі хвалыннен қазіргі кезеңдері едәүір жас континентальды шөгінді түзінділері мен ежелгі теңіздерден құралған, олардың қалыптасу кезеңі тәменгі хвалыннен бастап қазіргі кезеңге дейін созылады. Сондықтан, Ақжайық ауданының территориясы негізінен сазды, саздауытты шөгінділерден құралса, ал әсіресе онтүстігі құмдардан тұрады.

**Жер бедері.** Ақжайық ауданының жер бедері, соңғы кезеңдердегі геологиялық даму нәтижесінде тегіс жазықты болып келеді. Аудан территориясын солтүстік және онтүстік екі бөлікке (теңіз деңгейінен бірдей биіктіктерді қосатын сзызық) 0 м абсолюттік биіктік горизонталь сзызықтары бөледі. Осы 0 м абсолюттік биіктік сзызығынан онтүстікке және солтүстікке қарай ауданының шеткі аймақтарындағы абсолюттік биіктіктері -15 метрден (бұл абсолюттік минимум Атырау облысының шекарасындағы Орал өзенінің жазғы су жиегімен сәйкес келеді) 23 метрге дейін (бұл ауданының солтүстігіндегі Киров су жүйесі маңындағы аты жоқ тәбемен және ауданының онтүстігіндегі Индер ауылынан солтүстік-шығысқа қарай аты жоқ тәбемен сәйкес келеді) ауытқиды.

Ақжайық ауданының жер бедері, біздің облысымыз сияқты, Шығыс Еуропа жазығының онтүстік шығысында орналасқан. Жақсы тегістігі мен жас болуына байланысты осы территорияға тек қана сулы-эрозиялық, әолды, көлтабанды және суффозиялық скульптуралы жер бедері пішиңдері тән. Морфологиялық құрлымдар арасында тұзды құмбезді тәбелі көтеріңкі жерлер элементтері әлсіз көрінеді. Осы тұзды құмбездермен байланысты жер бедерінің теріс пішиңдерін байқауға болады. Мұнда тектоникалық негізде пайда болған жер бедері пішиңдері жақсы көрінеді.

Ақжайық ауданы территориясында сулы – эрозиялы жер бедері Көшім тармағының орта ағысы аңғарында, сонымен

қатар 1-ші Грачи және 2-ші Грачи дала өзендерінің аңғарында кездеседі. Бұдан басқа, Бағырлай өзені аңғарының жоғарғы бөлігі маңында, ал ауданның шығысында Өлеңті өзенінің төменгі ағысында, оның салалары мен кейін агатын ағындарында, оңтүстікте ауданның сол жақ бетіндегі Ойыл өзенінің сағалық бөлігінде орналасады.

Ауданның ең ірі сулы-эрозиялы жер бедері Орал өзенінің аңғарында жатады. Орал өзені Каспий маңы ойпаты шегінде (төменгі ағысы) пайда болуы жағынан кейінгі кезеңдегі (жас) көрініске ие болады. Ол қоршаған жазықтықтан алса (2-4 м), кейбір жерлерде тегістелген кемермен (уступ) бөлектенеді. Аңғардың баурайында екі терраса дамыған, ал өзен аңғары кең болып келеді.

Аудан территориясының өзендермен вертикальды және горизонтальды бағыттарда тілімденуі аз мөлшерде. Өзендердің барлығы әлсіз толқында жазықтықпен ағып жатады. Сайлы тор өте сирек кездеседі және әлсіз жасақталған.

Ауданнның сотустігінде шөлейтті бөлікте су айрық аралығындағы ойпандарадағы кеңістіктерде дала ойыстары кездеседі. Көлемі жағынан ірілері, бірақ тереңдігі тайыз тектоникалық сипаттағы ойпандар барлық жерде көлтабандар ретінде пайдаланылады.

Оңтүстікте құмды бөлікте желдің әсерінен қалыптасқан жер бедері дамиды. Бұл алқаптарға орта және ұсақ төбелі құмдар, құмды қырқалар, құмды шағылдар, құмды шұңқырлар, олардың түбінде сорлар пайда болған. Құмды жер бедері пішіндері ашық кеңістікті – ашықтармен алмасып отырады.

Індер көтерлімдерінің жер бедері тұзды шегінділер беткі бетке шығатын тегістелген кеңістіктер мен және созылмалы жондармен беріледі. Бұнда көптеген карстық қазан шұңқырлар (гипсті карст) жүйесі дамыған. Олардың түбінде тесіктер байқалады (понорлары), осы тесіктер арқылы көктем мезгілінде қар сұнының еріген сулары жер асты қыстарына барады. Сонымен қатар, бұл телімдерде жер бедерінің антропогендік негізде пайда болған пішіндері – карьерлер және бос тау жыныстарының үйінділері кездеседі.

**Климаты.** Аудан территориясында көп жылғы ауа райы

режімі, оның солтүстік және оңтүстік бөліктерінің континентальды режимге біртіндеп біржола ауысуының шамасына қарай қалыптасып, өзгерे бастайды. Мұндай алмасу территорияның өткен геологиялық, даму кезеңдерінің жаһанды климаттық жалпы жағдайларына сәйкес жүзеге асады.

Өте ерте кезеңдердегі климаттық өзгеруі Еуропа материгінің ендік бағыттары ығысуы нәтижесіндегі орнына және мұхиттарға қатысты өзгеруіне байланысты болады. Климаттық өзгеруіне, одан басқа тау құралу процестері де әсер еткен.

Каспий теңізі – көлі деңгейінің ірі және бірнеше мәрте қысқа геологиялық, кезеңдердегі ауытқуларының басты себебі, плейстоцен, сонымен қатар голоцендеңі кіші мұз басу кезеңдеріндегі климаттық өзгеруімен түсіндірледі. Каспийдің әрбір ірі трансгрессиясының басталуы, әдетте, ауа райының елеулі салқындау фазаларымен сәйкес келді. Ал аумағының судан арылыуы ауа райының күшті құргақшылығымен қатар жүрді.

Бөлек алынған соңғы валдай мұздықтар мен мұзаралық дәүірлер шегінде, олардың ауа райына салқындық пен жылыштықтың ауысулары тән.

Температуралық көтерілу, мұздықтардың еруі және мұздық жабындысының бұзылуы 14 мың жыл бұрын басталды. Климаттық мұндай жылышы жаһанды сипат алды. Ол валдай мұз жамылғысының бірте-бірте жойылуына байланысты, бұл процесс бірқалыпты деңгейде жүрген жоқ. Оның түсында температурасының ауытқулары болып, мұздықтардың жиі басуы, Дүниежүзілік мұхит деңгейі, таудағы қар шегі биектігі мен аңгарлы мұздықтардың қөлемі өзгеріп отырды. Скандинавия мұздық жабындысы 9 мың жыл бұрын, яғни голоценнің басында жойыла бастайды.

Голоцен әдетте бес климаттық кезеңдерге бөлінеді:

1) арктикалық және субарктикалық – мұзбасудың соңы және мұзбасудан кейінгі кезеңнің басы. Бұл кезеңде (б.з. дейінгі 9-8 мың жыл) басталған жылыштық байланысты мұзды жабындылар жойылуымен қатар, Еуропада тундра зонасының қөлемі де елеулі қысқарды. Бұл жерде қайынды-қарағай және тайга ормандары қайтадан өріс ала бастады.

2) бореалды – салқын және құргақ. Ол кезде тайга

ормандары тундраны солтүстікке ығыстыра бастады. Одан кейін жалпақ жапырақты ормандар Оңтүстікті, бір жағынан Орта Еуропаның бөлігін алып жатты.

3) атлантикалық – жылы және ылғалды. Осыдан 6 мың жыл бұрын, осы кезеңге үқсас климаттық оптимум дег аталатын кезең басталды. Атлантикалық, кезде климат қазіргі кезге қарағанда жылырақ болды. Голоценді оптимум кезінде климат жер шарының барлық жерінде жылы және ылғалды климат басым болды.

4) суббореалды – жылы және құрғақ (ксеротермиялық) кезең. Ол 2 мың жылға жуық (2500 ж. бастап б.з.д. 500 ж. дейін) және салқындығымен ерекшеленді. Сондықтан бұл кезеңде барлық ландшафт аймақтарының экваторға қарай жылжыу, тау мұздактарының басталуы, жоғары ендіктерде мұзданудың күшеюі, ал қуанышылық облыстарда – қуанышылықтың орын алуы байқалады.

5) субатлантикалық – суық және ылғалды кезең. Бұл б.з.д. 500 жылға жуық басталған суық және ылғалды кезең қазіргі уақытқа дейін жалғасып отыр. Бұл кезеңде климат нашарлап, суық бола бастады, жауын-шашын көбейді. Шымтезекті батпақтар дами бастайды, тундраның ормандарға, ормандардың далаларға қарай ығысызы байқалады. Климат үлкен мұхиттармен ерекшеленетін қазіргі климатқа біртіндеп көше бастады.

Тарихи кезеңдегі климат жағдайларының өзгеруі туралы халықтың көшүі мен қараусыз қалған елді мекендер, су тасқыны, аштық жайлы мәліметтер негізінде пайымдауға болады.

Біздің әрамыздың алғашқы жұз жылдығындағы ылғалдылық пен температура қазіргі кезге жақын болған. Бірақ шамамен IV-V ғасырларда климат жағдайлары өзгеріп, Еуропада VIII ғ.-да дейін климат құрғақ және жылы болған. Осы уақытта шымтезектер азайған және көлдер деңгейі төмөндеген. Орта ғасырдың алғашқы кезеңінде (VIII ғ. бастап XIV ғ. дейін) жайлы және жылы климат болған, осыған байланысты солтүстік теңіздер мұздығының көлемі тез азайды.

XIII-XIV ғ.-да климаттың жаңадан салқындауы басталады, солтүстік теңіздердің мұздануы бірте-бірте күшейе түсті,

климаттың ішкі маусымдық өзгеруі үлғая түсті. Кіші мұзды кезең деп аталатын кезеңге көшу айқындалды.

Кіші мұзды кезеңге (1450-1850 ж.ж.) тән белгі – тау мұздықтары аумағының өсуі, XVI ғ. соңында және XVII ғ.-да альпі мұздығының дамуы жоғары шегіне жетті. Шамамен 1700 жылы альпі мұздығы біраз кейінге шегінді, бірақ бұл уақытта Исландия мен Норвегияда мұздықтар дами бастады. Ал Швецияда үлкен көлемдегі мұз басу максимумы 1710 жылға сәйкес келеді. Содан кейін мұздықтардың елеулі қозғалыстары шамамен 1720 жылдары болып өтті. 1760-1790 ж.ж. бойы альпі мұздықтары үлгая түсті. Олардың жайылуының таралу шегі 1820 жылы жоғары шегіне жеттіп, ол 1600 жылғы жоғары шегіне үқсас болды. Тау мұздықтануының жаһанды жаңа жоғары шегі Альпіде, Исландияда, Норвегияда, Солтүстік Америкада, Британ Колумбиясында және Оңтүстік Американың Патагон Андаларында 1850 жылды орын алды. 1850-1860 ж.ж. басталған тау мұздықтарының соңғы жаһанды ауысуышылығы және ол кіші мұздық кезеңінің аяқталуын атап кетуге болады. Кіші мұздық кезең жанартаудың атқылауы көбеюімен, сонымен бірге атмосферада  $\text{CO}_2$  концентрациясының азаюымен байланысты деген жорамал бар.

Өндірістік революцияның басталуымен атмосферада адамның шаруашылық іс-әрекеті мен әсіресе, қазба отындарды жағуынан парник газдары көбейіп отыр. Орташа жаһанды температуралың 1850 жылға кейін өсуі атмосферада көмірқышқыл газы мен басқа текті антропогендік негіздегі парник газдарының көбеюі нәтижесінде болған деген болжам бар. Осылайша, соңғы 100 жылдық климаттың жылыну кезеңі деп атаяуға болады.

Метеорологиялық стансалардың басым көпшілігі солтүстік жарты шарда орналасқандықтан, ауа температурасын көптеген өлшеу жұмыстары жүргізілген.. Ол бар болғаны 100 жылдан астам уақытты қамтыды. Осы метеорологиялық стансалардың мәліметтері бойынша, соңғы 100 жылда жер шарында орташа температура  $0,5^{\circ}\text{C}$ -қа дерлік көтерілгенін көрсетеді. Бұл өзгеріс сонымен бірге баяу емес, секірмелі түрде, шұғыл жылынулар тұрақты кезеңдерге ауыса бастады.

XIX-XX ғ.ғ соңғы кезеңіндегі климаттық ауытқулары туралы